

Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 652 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 16 наурыздағы № 127 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.19 № 1078 (2010.08.10 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 30 маусымдағы
N 652 қаулысымен
бекітілген

Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы Заңына сәйкес әзірленді және экономикалық қызмет түрін осы экономикалық қызмет түрі бойынша қалыптасқан өндірістік жарақаттану және кәсіби аурулар деңгейіне сәйкес келетін кәсіптік тәуекел сыныбына жатқызу тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.19 № 1078 (2010.08.10 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.07.2015 № 583 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу

3. Экономикалық қызмет түрлері кәсіптік тәуекел сыныбына қарай топтар бойынша сараланады.

4. Экономикалық қызмет түрлерін осы Ережеге қосымшаға сәйкес кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу кәсіптік тәуекелдің 22 сыныбын көздейді.

5. Экономикалық қызмет түрлері бойынша кәсіптік тәуекел сыныбы кәсіптік тәуекелдің келтірілген орташа көрсеткішінің шамасымен белгіленеді.

6. Әрбір экономикалық қызмет түрі бойынша кәсіптік тәуекелдің орташа көрсеткіші белгілі бір экономикалық қызмет түрі бойынша алдыңғы бес жылдағы кәсіптік тәуекел көрсеткіштерінің арифметикалық орташа сомасы ретінде есептеледі.

7. Қаралып отырған жылы белгілі бір экономикалық қызмет түрі бойынша кәсіптік тәуекелдің көрсеткіші қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін орындаған кезде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге есептелген төлемдердің (оның ішінде жарақат алған, кәсіптік жарақаты, қайтыс болған жағдайға төлемді) жылдық сомасы мөлшерінің осы экономикалық қызмет түрі бойынша жылдық еңбекақы төлеу қорының мөлшеріне қатынасы ретінде белгіленеді:

$$P_i = (ВТУ_i + ВПЗ_i + ВП_i) / ФОТ_i, \text{ мұнда}$$

i - экономикалық қызмет түрі;

P_i - i -лі экономикалық қызмет түрімен айналысатын персонал үшін кәсіптік тәуекелдің көрсеткіші;

$ВТУ_i$ - i -лі экономикалық қызмет түрімен айналысатын персонал бойынша еңбек жарақатынан зардап шеккендерге есептелген зиянды өтеуге есептелген төлемдердің жылдық сомасы (еңбек жарақатынан зардап шеккен бір қызметкерге және зардап шеккендердің санына төленетін төлемдердің орташа сомасының туындысы ретінде есептелуі мүмкін);

$ВПЗ_i$ - i -лі экономикалық қызмет түрімен айналысатын персонал бойынша кәсіптік аурулардан зардап шеккендерге есептелген зиянды өтеу төлемдерінің жылдық сомасы (кәсіптік аурулардан зардап шеккен қызметкерге және зардап

шеккендердің санына төленетін төлемдердің орташа сомасының туындысы ретінде есептелуі мүмкін);

ВП_і - і-лі экономикалық қызмет түрімен айналысатын персонал бойынша қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін орындаған кезде оның қайтыс болуына байланысты зиянды өтеуге құқығы бар адамдарға есептелген зиянды өтеуге төленетін төлемдерінің жылдық сомасы (қаза болған бір қызметкерге және қайтыс болғандардың санына төленетін төлемдердің орташа сомасының туындысы ретінде есептелуі мүмкін);

ФОТ_і - і-лі экономикалық қызмет түрімен айналысатын персонал бойынша қызметкерлердің жылдық еңбекақы төлеу қоры.

Кәсіптік тәуекел көрсеткіші әрбір жыл бойынша есептеу жүргізу жылының алдындағы бес жылға жеке есептеледі.

8. Экономикалық қызметтің белгілі бір түрінің кәсіптік тәуекел дәрежесін бағалау өндірістегі жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың мынадай статистикалық көрсеткіштеріне негізделеді:

1) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендердің саны, жылына;

2) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендерге төленетін төлемдердің жылдық есептелген сомасы, оның ішінде жазатайым оқиғадан зардап шеккен бір адамға есептелген төлемдердің орташа мөлшері;

3) жылына кәсіптік аурулардан зардап шеккендердің саны;

4) кәсіптік аурулардан зардап шеккендерге есептелген төлемдердің жылдық сомасы, оның ішінде кәсіптік аурудан зардап шеккен бір қызметкерге есептелген төлемдердің орташа мөлшері;

5) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде қаза тапқандардың саны, жылына;

6) қызметкерлер еңбек қызметіне байланысты қайтыс болған жағдайда есептелген төлемдердің жылдық сомасы, оның ішінде есептелген төлемдердің орташа мөлшері;

7) экономикалық қызмет түрі бойынша жылдық еңбекақы төлеу қоры;

8) экономикалық қызмет түрі бойынша қызметкерлердің орташа жылдық тізімдік саны.

9. Осы Ереженің 8-тармағында санамаланған статистикалық көрсеткіштердің әрқайсысы алдыңғы бес жылдағы серпінде қалыптастырылады.

10. Сақтандырушы бірнеше экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асырған жағдайда, ол оның негізгі қызмет түріне сәйкес келетін кәсіптік тәуекел сыныбына жатқызылуы тиіс.

Сақтандырушы өндірістің жалпы көлемінде тең үлестірілген бірнеше экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыратын жағдайда, ол кәсіптік тәуекелдің неғұрлым жоғары сыныбы сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуы тиіс.

Сақтанушыдан өзгеше қызметті жүзеге асыратын филиал (филиалдар) сақтанушыда болған жағдайда, ол өзінің кәсіптік тәуекел сыныбы сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс. Бұл ретте, филиалда (филиалдарда) өзі (өздері) жүзеге асыратын экономикалық қызмет түрі туралы растауы болуға тиіс.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.07.2015 № 583 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Экономикалық қызмет түрлерін
кәсіптік тәуекел сыныптарына
жатқызу ережесіне
қосымша

Экономикалық қызмет түрлерін
кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу
Кәсіптік тәуекелдің 1-сыныбы
Қонақ үйлердің қызметтер көрсетуі
Қысқа мерзімді тұру үшін өзге де орындардың қызметтер көрсетуі
Мейрамханалардың қызметтер көрсетуі
Барлардың қызметтер көрсетуі
Курьерлік қызмет
Қаржы делдалдығы
Қаржы делдалдығы саласындағы қосалқы қызмет
Сақтандыру
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар
Автомобильдерді жалға беру
Өзге де көлік құралдары мен жабдықтарды жалға беру
Өзге де машиналар мен жабдықтарды жалға беру
Есептеу техникасына байланысты қызмет

Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер мен әзірленімдер

Құқық, бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы қызмет; коммерциялық қызмет және басқару мәселелері жөнінде консультация беру

Жұмыс күшін жалдау және персоналды іріктеу

Фотосурет саласындағы қызмет

Міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы қызмет

Қоғамдық бірлестіктердің қызметі

Кинофильмдер көрсету
Концерт және театр залдарының қызметі
Ойын-сауық және демалыс парктерінің қызметі
Ақпараттық агенттіктер қызметі
Спорт саласындағы өзге де қызмет
Құмар ойындарын ұйымдастыру жөніндегі қызмет
Жерлеуді ұйымдастыру және осыған байланысты қызметтер көрсету
Дене шынықтыру-сауықтыру қызметі
Өзге де дербес қызметтер көрсету
Үй шаруашылығын жүргізу жөнінде қызметтер көрсету
Аумақтан тыс ұйымдардың қызметі
Автомобильдер саудасы
Бастауыш білім беру (бірінші саты)
Орта білім беру (екінші саты)
Жоғары білім беру
Ересектерге арналған білім беру және басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де білім беру түрлері
Өзге де көріністік ойын-сауық қызметі
Кітапханалар мен мұрағаттар қызметі
Спорт объектілерінің қызметі
Өнер саласындағы қызмет
Туристік агенттіктердің қызметі
Жарнама
Әлеуметтік қызметтер көрсету
Басқа да топтамаларға енгізілмеген демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызмет
Жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласындағы зерттеулер мен әзірленімдер
Автомобиль детальдарының, желілерінің және керек-жарақтарының саудасы
Радио және теледидар саласындағы қызмет
Агенттер арқылы көтерме сауда (сыйақыға немесе шарт негізінде)
Есептеу техникасын қоса алғанда, кеңсе машиналары мен жабдықтарын жалға беру
Өзге де тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланымдағы заттарды жалға беру
Хатшылық қызметтер және аударма бойынша қызметтер көрсету
Кәсіптік тәуекелдің 2-сыныбы
Өндірістік және тұрғын үй-жайларды, жабдықтар мен көлік құралдарын тазалау және жинау
Буып-түю

Көлік құралдарының жүргізушілерін даярлайтын мектептердің қызметі
Кино- және бейнефильмдер шығару
Кино- және бейнефильмдер тарату
Стоматологиялық қызмет
Мұражайлардың қызметі және тарихи орындар мен ғимараттарды қорғау
Ботаникалық бақтардың, хайуанаттар парктерінің және қорықтардың қызметі
Автомобильдер мен мотоциклдер саудасынан басқа, бөлшек сауда;
тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдаланымдағы заттарды жөндеу
Ұлттық пошта қызметі
Автомобильдер мен мотоциклдер саудасынан басқа, көтерме сауда және
агенттер арқылы сауда
Мотор отынының бөлшек саудасы
Кәсіптік тәуекелдің 3-сыныбы
Дәрігерлік практика
Баспа қызметі
Аурухана мекемелерінің қызметі
Ветеринарлық қызмет
Тұтынушыларға өзге де қызметтер көрсету
Такси қызметі
Тоқыма және үлбір бұйымдарды жуу, химиялық тазалау және бояу
Шаштараздар мен сұлулық салондарының қызметтер көрсетуі
Денсаулық сақтау бойынша өзге де қызмет
Тергеу жүргізу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету
Сәулет, инженерлік ізденістер саласындағы қызмет және осы салаларда
техникалық консультациялар беру
Кәсіптік тәуекелдің 4-сыныбы
Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу
Тоқыма материалдардан киім тігу
Киімнен басқа, дайын тоқыма бұйымдарын шығару
Трикотаж матасын шығару
Трикотаж бұйымдарын шығару
Басқа топтамаларға енгізілмеген полиграфиялық қызмет
Жібек маталар шығару
Фармацевтикалық өнімдер өндіру
Кәсіпорындар мен мекемелер жанындағы асханалардың қызметтер көрсетуі
және дайын тағам беру
Өсімдік шаруашылығы
Мал шаруашылығымен үйлестірілген өсімдік шаруашылығы (аралас ауыл
шаруашылығы)

Өсімдік шаруашылығы саласында қызметтер көрсету

Ойындар мен ойыншықтар жасау

Өзге де тоқыма маталар шығару

Маталар мен тоқыма бұйымдарын әрлеу

Былғары илеу және өңдеу

Былғарыдан киім тігу

Брошюра шығару-түптеу және өңдеу қызметі

Баспа қалыптарын дайындау

Жазылған ақпарат тасымалдаушыларды көшіру

Мотоциклдердің, олардың бөлшектерінің, желілерінің және керек-жарақтарының саудасы; мотоциклдерге техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу

Матрастар шығару

Кәсіптік тәуекелдің 5-сыныбы

Балық шаруашылығы

Мал шаруашылығы

Сабын және жуғыш, тазалайтын және жылтырататын құралдар, парфюмериялық және косметикалық құралдар шығару

Ауыл шаруашылығы құсы мен үй қоянының етін өндіру

Сүт өңдеу және ірімшік жасау

Дәмдеуіштер мен дәмқосарлар жасау

Ветеринарлық қызметтерден басқа, мал шаруашылығы саласында қызметтер көрсету

Осы салаларда қызметтер көрсетуді қоса алғанда, жабайы құс аулау және өсіру

Кәсіптік тәуекелдің 6-сыныбы

Балмұздақ шығару

Орталықтан жылыту қазандықтарынан басқа, бу қазандықтарын жасау

Былғарыдан жолсандық, сөмкелер және басқа бұйымдар жасау

Аяқ киім жасау

Қыш тақтайшалар мен тақталар өндіру

Балалар тағамын және емдәмдік тамақ өнімдерін өндіру

Кілемдер және кілем бұйымдарын шығару

Су көлігінің өзге де қосалқы қызметі

Макарон өнімдерін шығару

Басқа топтамаларға енгізілмеген дәнді, техникалық және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру

Ет өнімдерін өндіру

Ұн-жарма тарту өнеркәсібі өнімдерін өндіру

Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де тоқыма бұйымдар шығару
Нан, ұннан жасалатын ұзақ сақталмайтын кондитерлік өнімдер шығару
Кептірілген нан және печенье, ұннан жасалатын ұзақ сақталатын кондитерлік өнімдер шығару

Сусындар шығару

Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де тамақ өнімдерін өндіру

Арқан, жіп, шпагат және торлар жасау

Крахмал және крахмал өнімдерін өндіру

Жануарларға арналған дайын азық өндіру

Кәсіптік тәуекелдің 7-сыныбы

Радиоға, теледидарға және байланысқа арналған аппаратура шығару

Резеңке бұйымдарын жасау

Қант шығару

Какао, шоколад және қантты кондитерлік өнімдер шығару

Әуе көлігінің өзге де қосалқы қызметі

Мақта маталарын өндіру

Кардамен иірілген талшықтардан жүн маталар жасау

Тарақпен иірілген талшықтардан жүн маталар жасау

Технологиялық процестерді бақылау және реттеу құралдарынан басқа, бақылау-өлшеу құралдарын шығару

Қағаз массасын, қағаз, қатырма қағаз және олардан жасалған бұйымдар жасау

Тазартылған май мен тоң май шығару

Шай және кофе шығару

Тазартылмаған май мен тоң май шығару

Құрлықта жүретін көліктің өзге де қосалқы қызметі

Сақтау және жинақтау

Жүктерді көліктік өңдеу

Әрлеу жұмыстары

Зергерлік бұйымдар, монеталар және медальдар жасау

Спорт тауарларын жасау

Басқа топтамаларға енгізілмеген түрлі өнім өндіру

Музыкалық аспаптар жасау

Технологиялық процестерді бақылау және реттеу құралдарын жасау

Сағат жасау

Оптикалық құралдар мен фотожабдықтар жасау

Кәсіптік тәуекелдің 8-сыныбы

Жасанды және синтетикалық талшықтар өндіру

Күйдірілген саздан кірпіш, жабынқыш және өзге де құрылыс бұйымдарын жасау

Металдарды өңдеу және металдарға металл буын жалату; машина жасаудың негізгі технологиялық процестері

Пышак бұйымдарын, құрал-саймандар, жабдықтар және темірден жасалған бұйымдар жасау

Жемістер мен көкөністерді өңдеу және консервілеу

Маргарин шығару

Өзге де резеңке бұйымдарын жасау

Шыны және шыныдан бұйымдар жасау

Құрылыста пайдаланылатыннан басқа, қыш бұйымдар шығару

Техникалық сынақтар мен зерттеулер

Кәсіптік тәуекелдің 9-сыныбы

Электр таратқыш және реттеуші аппаратура жасау

Тоқыма талшықтарын иіру

Санитарлық-техникалық жұмыстар

Темір жол көлігінің қызметі

Су көлігінің қызметі

Өткізгіш құбырмен тасымалдау

Әуе көлігінің қызметі

Электр байланысы

Кеме құрылысы және жөндеу

Жүк тасымалдауды ұйымдастыру

Кәсіптік тәуекелдің 10-сыныбы

Сүректі арамен кесу және сүргілеу; сүректі сіндіру

Ағаш ыдыстар жасау

Ағаш пен тоздан, сабаннан және өруге арналған материалдардан өзге де бұйымдар жасау

Өзге де жиһаз жасау

Ас үйлік жиһаз жасау

Офистер мен сауда кәсіпорындарына арналған жиһаз жасау

Орындықтар және отыруға арналған басқа да жиһаз жасау

Ағаштан құрылыс конструкцияларын және ағаш шеберлігі бұйымдарын жасау

Шпон, фанералар, тақтайшалар мен панельдер жасау

Құрлықта жүретін өзге де көлік қызметі

Жүк автомобилі көлігінің қызметі

Станоктар шығару

Хирургиялық жабдықтарды қоса алғанда, медициналық техника бұйымдарын және ортопедиялық құралдар жасау

Кестеге бағынатын, құрылықта жүретін өзге де жолаушылар көлігінің қызметі

Металл емес қалдықтар мен сынықтарды өңдеу

Қару-жарақтар мен оқ-дәрілер шығару

Кәсіптік тәуекелдің 11-сыныбы

Тыңайтқыштар мен азот қосылыстарын өндіру

Бояулар мен лактар шығару

Өзге де химиялық өнімдерді өндіру

Оқшаулау жұмыстары

Соққылау, баспалау, қалыптау, илектеу; ұнтақ шығару металлургиясы

Оқшауландырылған сымдар мен кабельдер жасау

Бояғыштар мен пигменттер шығару

Синтетикалық каучук өндіру

Бастапқы қалпындағы пластмассалар шығару

Құрылыста пайдаланылатын пластмасса бұйымдарын шығару

Пластмасса тақтайлар, жолақтар, құбырлар және профильдер жасау

Электр шамдарын және жарықтандыру жабдықтарын шығару

Өзге де пластмасса бұйымдарын жасау

Тауарларды буып-түюге арналған пластмасса бұйымдарын жасау

Кәсіптік тәуекелдің 12-сыныбы

Құм және саз өндіру

Бекітуші бұйымдар, шынжырлар және серіппелер жасау

Металл бөшекелер және осыған ұқсас ыдыстар жасау

Мойынтіректер, тісті берілістер, механикалық берілістер элементтерін және жетектер жасау

Өзге де дайын металл бұйымдарын жасау

Жеңіл металдардан қаптамалар жасау

Сымнан бұйымдар жасау

Өнеркәсіптік тоңазытқыш және желдеткіш жабдықтарын жасау

Балық және балық өнімдерді қайта өңдеу және консервілеу

Үлбір өңдеу және бояу; үлбірден бұйымдар тігу

Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндіру

Өзге де түсті металдарды өндіру

Көтергіш-көлік жабдығын жасау

Металл қалдықтарын және сынықтарын өңдеу

Ғимараттарды бөлшектеу және бұзу, жер жұмыстары

Кәсіптік тәуекелдің 13-сыныбы

Шойын, болат және феррокорытпалар өндіру (Еуропа көмір және болат бірлестігі стандарты бойынша ескерілетін - бұдан әрі ЕКББ)

Құбыр жасау
Алюминий өндіру
Балық аулау
Электр қозғалтқыштар, генераторлар және трансформаторлар жасау
Құрылыстық металл конструкцияларын шығару
Уран және торий кендерін өндіру
Басқа топтамаларға енгізілмейтін жалпы мақсаттағы өзге де машиналар мен жабдықтар жасау
Ауыл шаруашылығы тракторларын жасау
Ауыл және орман шаруашылығына арналған өзге де машиналар мен жабдықтар жасау
Басқа топтамаларға енгізілмеген арнаулы мақсаттағы өзге де машиналар мен жабдықтар жасау
Өзге де электр жабдықтарын жасау
Темір жолдың жылжымалы құрамын жасау
Бумен және ыстық сумен жабдықтау
Кәсіптік тәуекелдің 14-сыныбы
Металл құю
Кокс өндіру
Мұнай өнімдерін өндіру
Цемент, әк және керіш өндіру
Қорғасын, мырыш және қалайы өндіру
Суды жинау, тазарту және бөлу
Металлургияға арналған машиналар мен жабдықтар жасау
Кәсіптік тәуекелдің 15-сыныбы
Химия өнеркәсібі және тыңайтқыш өндіру үшін минералдық шикізаттар өндіру
Ядролық материалдар өндіру
Орман өсіру және ағаш дайындау
Шикі мұнай мен табиғи газ өндіру
Темір кендерін өндіру
Жолдар, аэродромдар және спорт құрылыстарын салу
Су құрылыстарын салу
Құрылыс жабдықтарын операторымен бірге жалға алу
Электр энергиясын өндіру және бөлу
Кәсіптік тәуекелдің 16-сыныбы
Шымтезек өндіру және агломерациялау
Тұз өндіру және шығару
Басқа топтамаларға енгізілмеген кен өндіру өнеркәсібінің өзге де салалары

Асыл (қымбат бағалы) металдар өндіру
Крандар мен клапандар жасау
Орман өсіру және ағаш дайындау саласында қызметтер көрсету
Сорғылар, сығымдағыштар және гидравликалық жүйелер жасау
Ағынды суларды, қалдықтарды жою және осыған ұқсас қызмет
Химия өнеркәсібі және тыңайтқыштар өндіру үшін минералдық шикізаттар өңдеу
Пайдалануға дайын бетон шығару
Құрғақ бетон қоспаларын шығару
Пайдалы қазбалар өндіруге және құрылысқа арналған машиналар мен жабдықтар жасау
Жалпы құрылыс жұмыстары
Үйлер мен ғимараттар жабындарының құрылғысы
Өзге де инженерлік жабдықтарды орнату
Кәсіптік тәуекелдің 17-сыныбы
Өзге де негізгі органикалық емес (химиялық) заттар өндіру
Өзге де негізгі органикалық (химиялық) заттар өндіру
Агрохимиялық өнімдер өндіру
Шойын мен болатты өзге де бастапқы өңдеу және ферроқорытпалар өндіру (ЕКББ ескерген)
Металл цистерналар, резервуарлар және контейнерлер жасау
Гальвандық элементтер (электр аккумуляторларын және бастапқы элементтер) өндіру
Ғарыш аппараттарын қоса алғанда, ұшу аппараттарын жасау
Мотоциклдер мен велосипедтер жасау
Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де көлік құралдары мен жабдықтарды жасау
Әктас, керіш және бор өндіру
Мұнай және газ өндіру бойынша қызметтер көрсету
Электр монтаждау жұмыстары
Бетоннан құрылыс бұйымдарын жасау
Құрылыста пайдалану үшін керіш бұйымдарын жасау
Кәсіптік тәуекелдің 18-сыныбы
Лигнит өндіру және байыту
Тас көмір өндіру және байыту
Асбестоцементтен және талшықты цементтен бұйымдар шығару
Тас кесу, өңдеу және әрлеу
Бетоннан, керіштен және цементтен бұйымдар шығару
Құрылыс металл бұйымдарын шығару

Орталықтандырылған жылу беретін радиаторлар мен қазандықтар жасау
Сусындарды қоса алғанда, тамақ өнімдерін және темекі өнімдерін дайындауға арналған машиналар мен жабдықтар жасау

Тоқыма, тігін, үлбір және былғары бұйымдарын дайындауға арналған жабдықтар жасау

Қағаз және қатырма қағаз дайындауға арналған машиналар мен жабдықтар жасау

Құрылысқа арналған тастарды өндіру

Уран және торий кендерінен басқа, түсті металл кендерін өндіру

Газ тәріздес отын өндіру және бөлу

Өзге де құрылыс жұмыстары

Тақтатастар өндіру

Кәсіптік тәуекелдің 19-сыныбы

Авиация, автомобиль және мотоциклет қозғалтқыштарынан басқа, қозғалтқыштар мен турбиналар жасау

Барлау бұрғылауы

Кәсіптік тәуекелдің 20-сыныбы

Мыс өндіру

Кәсіптік тәуекелдің 21-сыныбы

Пештер және пеш жанарғыларын жасау

Кәсіптік тәуекелдің 22-сыныбы

Өнеркәсіптік газ өндіру